

"Көрсеткіштердің базалық тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 104 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 21919 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 7 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.01.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Көрсеткіштердің базалық тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 104 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18008 болып тіркелген, 2018 жылғы 24 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көрсеткіштердің базалық тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Өңірлерді талдау және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

Р. Даленов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 96 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 104 бұйрығымен
бекітілген

Көрсеткіштердің базалық тізбесі

Р/с№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Есептілікті қалыптастыру мерзімі	Ақпарат көзі	Жауапты мемлекеттік орган
1	2	3	4	5	6
1	ЖӨӨ нақты көлемінің индексі	%	сәуір (жедел) тамыз (жылдық)	ресми статистикалық ақпарат	ҰЭМ
2	Шикізаттық емес экспорт көлемінің өсуі	өткен жылға қарағанда %	ақпан (жедел) шілде (жылдық)	ресми статистикалық ақпарат	СИМ
3	Өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға инвестициялар	млрд теңге	қаңтар (жедел) шілде (жылдық)	ресми статистикалық ақпарат	ИИДМ
4	Еңбек өнімділігінің өсуі:				
4.1	өңдеу өнеркәсібінде	өткен жылға қарағанда %	мамыр (жедел) тамыз (жылдық)	ресми статистикалық ақпарат	ИИДМ
4.2	ауыл шаруашылығында	өткен жылға қарағанда %	мамыр (жедел) тамыз (жылдық)	ресми статистикалық ақпарат	АШМ
5	Өлім-жітімнің стандарттал				ДСМ

	Ғ а н коэффициен ті	коэффициен т	шілде (жылдық)	(ресми статистикалық ақпарат	
6	Құрылған жұмыс орындарын ың саны:	бірлік	ақпан (жылдық)	(Еңбекминінің әкімшілік деректері	Еңбекмині
6.1	тұрақты				
6.2	уақытша				
7	Атаулы әлеуметтік көмек (шартты ақшалай көмек) алушылард ың ішіндегі жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылғанда р үлесі	%	ақпан (жылдық)	Еңбекминінің әкімшілік деректері	Еңбекмині
8	ЖӨӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі	%	сәуір (жедел) жылдық)	тамыз (ресми статистикалық ақпарат	ҰЭМ
9	Б і р тұрғынға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу	ш.м	ақпан (жылдық)	ресми статистикалық ақпарат	ИИДМ
10	Халықтың сүмен жабдықтау көрсетілетін қызметтерін е қол жеткізуі:	%	ақпан (жылдық)	ИИДМ әкімшілік деректері	ИИДМ
10.1	қалаларда				
10.2	ауылдық елді мекендерде				
11	Жақсы және қанағаттана рлық жағдайдағы жергілікті	%	қаңтар (жылдық)	ИИДМ әкімшілік деректері	ИИДМ

	маңызы бар автожолдардың үлесі				
12	Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі	%	мамыр (жылдық)	ЖАО әкімшілік деректері	ЭГТРМ
13	Халықтың 1000 адамға шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен орташа қамтамасыз етілуі	%	ақпан (жылдық)	МСМ әкімшілік деректері	МСМ
14	Сыбайлас жемқорлық деңгейі	%	ақпан (жылдық)	СЖҚІА әкімшілік деректері	СЖҚІА
15	Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу деңгейі	%	ақпан (жылдық)	ТЖМ әкімшілік деректері	ТЖМ
16	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес ауылдық елді мекендердің әлеуметтік игіліктермен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі	%	наурыз (жылдық)	ЖАО әкімшілік деректері	ҰЭМ

Ескертпе: ЖАО орталық мемлекеттік органдардың келісімінсіз он индикаторға дейін дербес қосуға жол беріледі.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;
ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;
ЖӨӨ – Жалпы өңірлік өнім;
ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;
МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;
СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;
ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
СЖҚІА – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет);
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
ЭГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі.